

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының №30 сәбилер бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
«Өзін-өзі бағалау»
барысындағы оқу-әдістемелік жұмысының
Сараптамасы**

Павлодар 2023ж.

Мазмұны


1-БӨЛІМІ Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің “Павлодар қаласының №30 сәбилер бақшасы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны туралы ақпараттық анықтама 2. Жалпы мектепке дейінгі ұйым туралы мәлімет
2-БӨЛІМІ Мектепке дейінгі ұйымның кадрлық құрамы
1. Педагогтердің сапалық құрамы 2. Педагогтердің жас шамасы бойынша құрылымы 3. Педагогтердің еңбек өтілі бойынша мәлімет 4. Педагогтердің білім деңгейі 5. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру туралы мәлімет
3-БӨЛІМІ Мектепке дейінгі ұйымның балалар контингенті
1. Балалардың тізімдік құрамы 2. Тәрбиеленушілердің ұлты туралы мәлімет 3. Тәрбиеленушілердің жынысы туралы мәлімет 4. Балалардың денсаулығы туралы мәліметтер 5. Балалардың балабақшаға қатысуы туралы мәлімет 6. Балалардың денсаулық тобы туралы мәліметі
4-БӨЛІМІ Оқу-әдістемелік жұмысы
1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын қолдану барысы 2. Педагогтердің әзірлеген бағдарламалары мен әдістемелік құралдары 3. Педагогтердің халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық сайыстарға қатысуы 4. Педагогикалық қызметкерлерінің марапаттары 5. Тәрбиеленушілердің халықаралық, республикалық және облыстық зияткерлік конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері 6. Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру 7. Педагогико-психологиялық коррекциялық жұмысы 8. Жас педагог мектебі
5-БӨЛІМІ Оқу-материалдық активтер
1. Оқыту-материалдық активтер 2. Заттық-дамытушылық ортаны жабдықтау
6-БӨЛІМІ Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
1. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры 2. БАҚ-тағы мақалалар 3. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры 4. Заттық-дамытушылық ортаны жабдықтау
7-БӨЛІМІ Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау
8-БӨЛІМІ Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша талдамалық анықтама.

I-БӨЛІМ

Жалпы мектепке дейінгі ұйым туралы ақпараттық анықтама

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының №30 сәбилер бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Орналасқан жері:	Қазақстан Республикасы
Пошта индексі,	140011
Мекен-жайы	Павлодар қаласы, Естай көшесі, 93
Заңды тұлғаны қайта тіркеу нөмірі	№3480-1945-НАО--МК
БСН	101040003611
Тұрақты жер пайдалану акты	№ 0246878
Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	14 – 218 - 014-438
Медициналық қызметпен айналысуға	ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» республикалық ММ денсаулық сақтау басқармасы лицензия №0009137 2011 жылғы 20.01 2011 жылғы 26 қаңтар №22-27/42 қорытынды sad30@goo.edu.kz
Санитарлық-эпидемиологиялық	1982 жылы
Электронды мекен-жай:	2010 жылы
Ғимараттың салынған жылы	Мемлекеттік
Қайта ашылған жылы	1,1226 га
Меншік нысаны	320
Жалпы ауданы	қазақ
Жобалық қуаты	Баймуратова Анар Қонысбаевна
Тәрбие беру тілі	Басшы: 504269; Жалпы телефон: 547057
Басшы:	259
Телефон:	
Балалар контингенті –	
Жалпы мектепке дейінгі ғимарат	2 қабаттан құралған



Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №30 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) ұйымдық-құқықтық нысанындағы мемлекеттік кәсіпорынның жедел басқару құқығында заңды тұлға болып, Павлодар облысы қаржы басқармасының 2021 жылғы «14» қаңтардағы бұйрығымен бекітілген Жарғысы негізінде әрекет етеді.

Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі, болып табылады.

Кәсіпорынның дербес балансы, заңнамаға сәйкес банктегі шоттары, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауымен мөрі бар.

Кәсіпорын өз қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру Кәсіпорын қызметінің мақсаты болып табылады.

Кәсіпорын мүлкі құны өз балансында көрсетіліп, Кәсіпорынның активтерінен құрылады.

Құрылтай құжаттары, білім беру ұйымы қызметінің ішкі тәртібін регламенттейтін құжаттар, өкімдік құжаттар, оның ішінде:

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, 2010ж 07.10. алғашқы тіркеу күні, 2021 жылғы 14 қаңтардағы екінші тіркеу күні №3480-1945-НАО-МК, бизнес – сәйкестендіру нөмірі-101040003611;

2021 жылғы 14 қаңтардағы Жарғысы;

хабарлама KZ34RVK00028296 мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы, берілген күні: 25.01.2021 жыл;
 медициналық қызметпен айналысуға ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті" Республикалық ММ денсаулық сақтау басқармасының лицензиясы №00947DS 2011 жылғы 20 мамыр;

Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы № 10100455653298 анықтама негізінде жедел басқару құқығында келесі жылжымайтын мүлік объектілері бекітілген: бастапқы объект-гимарат кадастрлық нөмірі: (14:218:019:222-64/А), қойма кадастрлық нөмірі: (14:218:019:222:-65/Б), жалпы ауданы 3991,7 м2, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: (14 – 218 - 019-222), жалпы ауданы 1,1226га.

2022-2023 оқу жылында Павлодар қаласының № 30 сәбилер бақшасы 12 топ жұмыс атқарады, 259 бала тәрбиеленуде.

Штат кестесі және педагогтердің жүктемесі басшымен және Павлодар қаласының білім бөлімінің басшысымен бекітілген. 2022-2023 оқу жылында педагогтер құрамы – 34 қызметкерден тұрады.

II-БӨЛІМ

Мектепке дейінгі мекеменің кадрлық құрамы

Әкімшіліктің негізгі жұмысының бірі кадрлардың құрамын бекіту және олармен сапалы жұмыс жүргізу. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және ұйымның жарғысына сәйкес басшы педагогикалық кадрларды еңбек шарты бойынша қабылдайды.

Оқыту - тәрбиелеу үрдісін сапалы жүргізу мақсатында балабақша барлық педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта балабақшада 34 педагог: басшы, әдіскер, педагог-психолог, логопед, музыка жетекшісі, дене тәрбие нұсқаушысы, бейнелеу өнері мұғалімі, 24 тәрбиеші, хореограф еңбек етеді. Балабақша штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлар 100% қамтамасыз етілген. Оқу жүктемелері мектепке дейінгі ұйымның нормасына сәйкес.

1. 2020-2023 оқу жылдарында педагогтардың сапалық деңгейі

Барлық педагогтар		2020-2021 (35)	2021 – 2022 (35)	Динамик а	2022– 2023 (34)	Динамика
Жоғары санат	Педагогтар	7	3	-4	3	0
	%	20	9	-11	9	0
Бірінші санат	Педагогтар	9	8	-1	7	-1
	%	26	22	-4	21	-1
Екінші	Педагогтар	3	3	0	3	0

санат	%	9	9	0	9	0
Санаты жок	Педагогтар	16	20	-4	13	-7
	%	45	57	-12	37	-20
Педагог-зерттеуші	Педагогтар	-	1	+1	1	0
	%	-	3	+3	3	0
Педагог-сарапшы	Педагогтар	-	-	-	-	-
	%	-	-	-	-	-
Педагог-модератор	Педагогтар	-	1	+1	1	0
	%	-	3	+3	3	0
Педагог	Педагогтар	-	-	-	6	+6
	%	-	-	-	18	+18

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың негізгі мақсаты-білім беру саласында қызметкерлердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, ең үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені жалпылау және кеңінен тарату.

Педагогтердің әдістемелік-зерттеу әрекетін ынталандыру, талантты педагогтерді анықтау, оларды қолдау және мадақтау, педагог - зерттеуші еңбегінің беделін арттыру, педагогикалық тәжірибені жалпылау түрлерін жетілдіру, педагогтердің әдістемелік және практикалық қызметін насихаттау болып табылады.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сәйкес аттестация 5 жылда бір рет өткізіледі. Аттестацияның мақсаты: педагог қызметкерлердің еңбегін тиімді бағалау жүйесін құру, олардың кәсіби өсуіне көмек көрсету, біліктіліктерін үздіксіз көтеру, еңбек нәтижесін көрсету. Кестеде көрсетілгендей, педагогтердің сапалық құрамындағы біліктілік санаттарының өзгерістерін көруге болады. 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы негізінде Педагогтерді аттестаттаудан өткізудің жаңа талаптарына сәйкес балабақшаның 6 педагогы Ұлттық Біліктілік Тестілеуін тапсыра алмады.

Алайда, 1 маман педагог - зерттеуші 3 %, 1 педагог – модератор (3 %) санатын иеленді. 2022-2023 оқу жылындағы Ұлттық Біліктілік Тестілеуден 4 педагог жеткілікті балл жинап, «Педагог – модератор» санатына иеленеді.

2. Педагогтердің жас шамасы бойынша құрылымы

Педагогтар	2020-2021	2021 – 2022	2022 – 2023
Барлық педагогтар	35	35	34
19 жас	-	1/3%	-
20 жастан 30 жасқа дейін	13/37%	12/34%	9/26%
31 жастан 40 жасқа дейін	14/40%	16/46%	15/45%
41 жастан 50 жасқа дейін	8/23%	6/17%	9/26%
51 жастан 60 жасқа дейін	-	-	1/3%

31 жастан 40 жасқа дейінгі педагогтардың ең көп тобы – 45%; 41 жастан 50 жасқа дейін – 26%. Осылайша, ұжым негізінен педагогикалық тәжірибесі бар педагогтардан тұрады.

3. Педагогтардың еңбек өтілі бойынша мәлімет

Жылдар	2020-2021		2021- 2022		Динамика		2022 - 2023	
	35		35				34	
Барлығы	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
1 жылға дейін	8	23	4	11	-4	-12	1	3
3 жылға дейін	4	11	11	31	+7	+20	5	14
5 жылға дейін	4	11	-	-	-4	-11	3	9
10 жылға дейін	5	15	5	15	0	0	6	18
20 жылға дейін	12	34	14	40	+2	+6	15	44
20 жылдан көп	2	6	1	3	-1	-3	4	12

Ең көп топты 20 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтар құрайды – 44%; 20 жылдан көп - 12%; 10 жылға дейін - 18%; 5 жылға дейін – 9%, 3 жылға дейін -14%; бір жылға дейін 3 %. Өткен оқу жылымен салыстырғанда өзгерістер бар: Өтілі 20 жылға дейін және өтілі 20 жылдан көп педагогтардың үлесі артты.

4. Педагогтердің білім деңгейі

Барлық педагогтар	2020-2021		2021-2022		Динамика	2022-2023	
	35		35			34	
жоғары білімді	Педагогтар	24	24	0	27		
	%	69	69	0	79		
оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар	Педагогтар	3	3	0	10		
	%	9	9	0	29		
арнайы орта білімді	Педагогтар	11	11	0	7		
	%	31	31	0	21		
оның ішінде мектепке дейінгі арнайы орта білімі бар	Педагогтар	6	6	0	6		
	%	18	18	0	18		
Дуальды оқу окитындар	Педагогтар	2	8	+5	6		
	%	6	23	+17	18		

Ағымдағы оқу жылында педагогикалық кадрлар арасында 79 % жоғары педагогикалық білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі –29%. Педагогтердің 21% арнайы орта білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі – 18%. Осылайша, педагогтердің 100% педагогикалық білімі бар. Мектепке дейінгі жоғары және арнайы орта білімі бар педагогтердің өткен жылмен салыстырғанда 20% - ға артты.

2023 жылдың шілде айында балабақшаның «Арнайы орта» білімді 3 педагогы, жоғары «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» мамандығына ие болып, жоғары білімді педагогтар саны 9%-ға артады.

Бұл кестелер соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беру саласындағы балабақша педагогтерінің білім деңгейі артып келе жатқанын көрсетеді.

5. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру туралы мәлімет

МДҰ педагогтарының кәсіби біліктілігінің өсу динамикасы саналы белсенділік пен іскерлік біліктіліктің көрсеткіші болып табылады. Соңғы жылдары педагогтердің жалпы санының 88%-ы

курстық қайта даярлаудан өтіп, өзінің педагогикалық шеберлігін арттырды. Педагогтердің шеберлігін жетілдіру "Өрлеу "БАҰО" АҚ, ППУ, ИНеУ, "Педагогикалық шеберлік орталығы" НЗМ"ДББҰ біліктілікті арттыру жолымен ұйымдастырылады.

Жылдар	2020-2021	2021-2022	Динамика	2022-2023
Жалпы педагогтар	35	35	-	34
Педагогтар	5	3	-2	30
%	14%	9%	-5	88%

2022-2023 оқу жылында курстық даярлық жоспарына сәйкес есепті кезеңде 24 педагог (71%) қайта біліктілікті арттыру курстарынан өтті, жоспарлы қайта даярлаудан өтпеген педагогтар жоқ.

III-БӨЛІМ.

Мектепке дейінгі ұйымның балалар контингенті

Мектепке дейінгі ұйым қызметін автоматтандыру "balabaqsha.snation.kz" порталы арқылы жүзеге асырылады. Балалардың мектепке дейінгі ұйымға түсуі "balabaqsha.snation.kz" бағыты бойынша жүргізіледі. Әрбір балаға жеке іс рәсімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы МДҰ-ға қабылдау туралы ата-ананың өтініші, МДҰ мен ата-аналар арасындағы шарт, педиатр-дәрігердің анықтамасы тіркеледі. Балабақшада жоспарлы 259 бала қамтылған 12 жас тобы жұмыс істейді. Топтардың жұмыс тәртібі сағат 7.00-ден 19.00-ге дейін.

1. Балалардың тізімдік құрамы

Жас құрамы	2020-2021	2021– 2022	2022-2023
Топтар саны	12	12	12
Ерте жас	1/25	2/52	2/48
Кіші топ	2/48	3 /76	3/62
Ортаңғы топ	3/68	2/55	3/61
Ересек топ	3/85	2/57	2/43
Мектепалды тобы	3/85	2/84	2/45
Барлық балалар	311	324	259

2. Тәрбиеленушілердің ұлты туралы мәлімет

Барлық бала саны	2020-2021	2021– 2022	2022-2023
орыс	7	5	6
қырғыз	2	2	0
татар	1	0	0
өзбек	2	2	0
казак	298	314	253
неміс	1	0	0
балкарцы		1	0

3.Тәрбиеленушілердің жынысы туралы мәлімет

Барлық бала саны	2020-2021	2021– 2022	2022-2023
Ұлдар	156(51%)	165(51%)	131(51%)
Қыздар	155(49%)	159(49%)	128(49%)

Осы үш жылдықта ұлдардың саны қыздарға қарағанда басым екені байқалды.

4. Балалардың денсаулығы туралы мәліметтер

Аурулардың атауы	2020-2021	2021– 2022	2022-2023
ЖРВ,ЖРА	369	904	825
Бронхит	24	60	57
Бронх деміпесі	-	-	-
Пневмония	3	8	4
Ангина	0	2	1
Желшешек	30	36	6
Басқа аурулар	408	646	504
Жарақаттар	-	-	-
Барлығы	834	1656	1397

Балалардың балабақшаға қатысу көрсеткіші олардың жиі ЖРВ, ЖРА ауруларымен ауруы қазіргі уақыттағы пандемияға байланысты жиілеп кетті. Аурудың алдын алу шаралары қатаң түрде бақылауға алынып, барлық сақтық шаралар қолданылады және шынықтыру-сауықтыру шаралары жүзеге асырылуда.

5.Балалардың балабақшаға қатысуы туралы мәлімет

Көрсеткіш	2020-2021	2021– 2022	2022-2023
Бала саны			
Қатысу жоспары	55765	54635	50470
Нақты келген күндер	22643	32195	31677
Босатқан күндер	33122	22440	18793
Балалардың орташа жылдық саны	306	301	277

Пандемия және шектеу кезеңіндегі нақты қатысу нәтижелері бойынша балалар күндерінің саны төмендеуі байқалады .

6.Балалардың денсаулық туралы мәліметі

Атауы	2020-2021	2021– 2022	2022-2023
I топ	278	269	255
II топ	26	31	20
III топ	2	1	1
IVтоп	-	-	-
Барлығы	306	301	277

Төмендегі кестеде балабақша тәрбиешілерінің үш жылда қатысқан шаралары көрсетілген.

IV - бөлім.

Оқу-әдістемелік жұмысы

1.ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын қолдану барысы

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген, басшының қолымен, мөрмен куәландырылған.

Балабақшаның әдістемелік жұмысы білім беру мен тәрбиелеу процесін жетілдіруге, балалардың жеке ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке тұлғасының үйлесімді дамуына жағдай жасауға және инновациялық әрекеттерді дамытуға, жаңа буын педагогтердің кәсіби дағдыларын қалыптастырып жетілдіруге бағытталған

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары:

- нормативтік құжаттармен жұмыс;
- диагностикалық жұмыс;
- педагогтардың өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жұмыс;
- сараптамалық сертификаттау жұмыстары;
- педагогтардың тәжірибесін жалпылау;
- жас маман келген педагогтармен жұмыс;
- педагогикалық кеңестер, семинарлар, әдістемелік кездесулер және т.б. ұйымдастыру;
- түрлі байқаулар ұйымдастыру;
- эксперименттік - ізденушілік, эксперименттік, инновациялық қызметті әдістемелік қамтамасыз ету;
- әр түрлі кәсіби шеберлік деңгейіндегі педагогтармен жұмыс;
- әдістемелік қызметтің қызметін талдау.

Педагогтармен әдістемелік жұмыс келесі практикалық мәселелерді шешуге бағытталған:

- педагогтардың қарым-қатынас кезеңінде олардың кәсіби өсуін, кәсіби дамуын және кәсіби мәдениетін жүйелі ұйымдастыру мен әдістемелік қолдау, олардың шығармашылық өсуіне, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал ету;
- педагогикалық қызметкерлермен әдістемелік жұмыстың жағдайына байланысты оқу қызметінің тиімділігін зерттеу, талдау және бағалау;
- мектепке дейінгі баланы оқыту мен тәрбиелеудегі үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтау, жалпылау, тарату;
- ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, инновациялық және заманауи білім беру технологияларын енгізуді әдістемелік қамтамасыз ету;
- әлеуметтік серіктестік негізінде мүдделі мекемелердің мамандарымен өзара әрекеттестікті күшейту;
- педагогикалық кадрлармен жұмысты ұйымдастырудың диагностикасының нәтижелері мен әкімшілік немесе басқа да оқу процесін жүзеге асырудағы кемшіліктерді ескере отырып, реформаланған білім беру жүйесін дамытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әдістемелік қызметті жоспарлау, бақылау.

Әдістемелік іс –шаралардың түрлері:

- ұйымдастырушылық және әдістемелік қызмет;
- оқу -әдістемелік қызмет;
- ғылыми -зерттеу қызметі;
- педагогикалық ұжыммен жеке жұмыс және олардың өзін-өзі тәрбиелеуі;
- ақпараттық -талдау қызметі;
- диагностика;
- * сауықтыру
- әдістемелік бақылау.

Балабақшаның әдістемелік жұмыс негізгі бағыттары: нормативтік құжаттармен жұмыс; диагностикалық жұмыс; педагогтардың өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыс; сараптамалық жұмыс; педагогтардың озат педагогикалық тәжірибесін жалпылау; жас мамандармен жұмыс; педагогикалық кеңестер, семинарлар, әдістемелік отырыстар және т.б; байқаулар ұйымдастыру және қатысу; эксперимент-ізденушілік инновациялық қызметті әдістемелік жағына қамтамасыз ету; әр түрлі кәсіби шеберлік деңгейдегі педагогтармен жұмыс; әдістемелік қызметті талдау. Педагогтармен әдістемелік жұмысы келесі мәселелерді шешуге бағытталған: педагогтардың

қарым-қатынас кезеңінде олардың кәсіби өсуі, кәсіби дамуы және кәсіби мәдениетін жүйелі ұйымдастыру мен әдістемелік қолдау, олардың шығармашылық өсуіне, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі жетілдіруге ықпал ету; педагогикалық қызметкерлермен әдістемелік жұмыстың жағдайына байланысты оқу қызметінің тиімділігін зерттеу, талдау және бағалау; мектепке дейінгі баланы оқыту мен тәрбиелеудегі үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтау, жалпылау, тарату; ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, инновациялық және заманауи білім беру технологияларын енгізуге қамтамасыз ету; әлеуметтік серіктестік негізінде мүдделі мекемелердің мамандарымен өзара әрекеттестікті нығайту; әдістемелік іс-шараларды түрлендіру. Балабақшадағы білім беру процесінің сапасына педагогтердің кәсіби және жеке дамуы әсер етеді. Педагогтердің шеберлігін арттырудың әртүрлі формалары бар. Семинарлар-практикумдар, кеңестер, өзара қатысу және ұйымдастырылған қызметті талдау сияқты жұмыс түрлері пайдаланылады, жаңа технологиялар, әдістемелер енгізіледі, шығармашылық топтар жұмыс істейді, жас кадрлармен жұмыс жүргізіледі. Шығармашылық топ, жас мамандармен жұмыс жүргізіледі. Оқу жылына қойылған міндеттер әдістемелік жұмыстың түрлі формаларда шешіледі: педагогикалық сағаттар, педагогикалық кеңес, семинар-практикумдар, кеңестер, ашық сабақтар, іскерлік ойындар. Осы міндеттерді іске асыру барысында келесі іс-шаралар ұйымдастырылды: спорттық жарыстар, музыкалық мерекелер, ойын-сауық, ертенгіліктер, тақырыптық көрмелер және балалар қолөнері, жобалық іс-шаралар. Бағаланатын кезеңдегі ұйымдастырушылық-педагогикалық қызмет бөлімі бойынша жылдық жоспардың орындалуының тиімділігі айқын. Ата-аналар қауымдастығымен жұмыс істеудің тиімді жүйесі бар, оған ұйымдастырудың қызықты нысандары кіреді. Ата-аналарға шаралар, сұхбат, сауалнама, жиналыстар, кеңестер жүргізеді. Ата-аналар ұжым ұсынған барлық іс-шараларға: көрмелерге, конкурстарға, акцияларға және т. б. белсенді қатысады. Ата-аналармен жұмыс, ашық қызметтер жылдық жоспарға сәйкес құрылады.

Қазіргі уақытта педагогикалық ұжым педагогикалық тәжірибені жалпылау, әр педагогтың кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылық дағдылар дамыту міндеттерін шешеді.

Вариативтік бөлім жыл сайын оқу жылының басында педагогикалық кеңесте қарастырылып, іске асырылады.

2020-2021 оқу жылы

№	Жас кезеңдері	Жүктеме	Вариативтік компонент
1	Ортаңғы топтары	1	Сиқырлы қағаз
2	Ересек топтары	2	Сиқырлы қағаз
3	Мектепалды даярлық топтары	2	Хореография
		1	Өлкетану

Ортаңғы топтары: жалпы 1 сағат, оның ішінде «Сиқырлы қағаз» 1 сағаттан; Ересек топтары жалпы 2 сағат, оның ішінде «Сиқырлы қағаз» - 2 сағат. Мектепалды топтары -3 сағаттан, оның ішінде «Өлкетану»-1сағаттан; «Хореография» -2 сағат.

2021-2022 оқу жылы

№	Жас кезеңдері	Жүктеме	Вариативтік компонент
1	Ортаңғы топтары	1	Сиқырлы қағаз
2	Ересек топтары	2	Сиқырлы қағаз
3	Мектепалды даярлық топтары	2	Хореография
		1	Өлкетану

Ортаңғы топтары: жалпы 1 сағат, оның ішінде «Сикырлы қағаз» 1 сағаттан; Ересек топтары жалпы 2 сағат, оның ішінде «Сикырлы қағаз» - 2 сағат. Мектепалды топтары -3 сағаттан, оның ішінде «Өлкетану»-1сағаттан; «Хореография» -2 сағат.

2022-2023 оқу жылы

№	Жас кезеңдері	Жүктеме	Вариативтік компонент
1	Мектепалды топтары	2 1	Хореография Өлкетану

Мектепалды топтары -3 сағаттан, оның ішінде «Өлкетану»-1 сағаттан; «Хореография» -2 сағат.

- «Хореография» вариативтік компоненті мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібінің музыка **** әрекетінде ұйымдастырылып өткізіледі.
- «Өлкетану» вариативтік компоненті мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібінің танымдық іс-әрекеті, зерттеу әрекеттерінде ұйымдастырылып өткізіледі.

2022 жылғы 25 тамыздағы № 1 Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша оқу жоспарының вариативтік компоненті авторлық бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады, рецензиялары бар.

Павлодар облысының білім беру басқармасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес өзгерістер енгізіліп, «Өлкетану» біріңғай вариативтік компонент бағдарламасы Павлодар Облысының Білім беру басқармасының хаты негізінде мектепалды топтарында жүргізіледі.

Вариативтік компонентке арналған «Өлкетану» бағдарламасы бойынша, рецензенттер:

Кененбаева М.А. - п.ғ. к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің мектепке дейінгі және бастауыш мектепте білім беру кафедрасының профессоры.

Нұрғалиева С.Д. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы.

«Хореография» вариативтік компонент мектепке дейінгі ұйымдағы 4-5 жастағы балаларға арналған. Рецензенттер: Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы басшысының орынбасары А.А.Қожахметова; білім беруді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері Л.С.Серикбаева.

Жылдық мақсат пен міндеттер негізінде вариативтік компоненттердің оқу бағдарламалары педагогикалық кеңесте қаралып бекітіледі.

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарлары педагогикалық кеңестің шешімімен бекітіледі.

Әдістемелік жұмыс келесі бағыттарда жүзеге асырылады: нормативтік құжаттармен жұмыс; диагностикалық жұмыс; педагогтардың өздігімен білім жетілдіру жұмысы; аттестаттау жұмыстары; педагогтердің тәжірибесін жалпылау; жас және жаңадан келген педагогтермен жұмыс; педагогикалық кеңестер, семинарлар, әдістемелік кездесулер және т.б. ұйымдастыру; түрлі байқаулар ұйымдастыру; эксперименттік-ізденушілік, эксперименттік, инновациялық қызметті әдістемелік қамтамасыз ету.

2. Педагогтердің әзірлеген бағдарламалары мен әдістемелік құралдары

Авторлық бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдар.	Авторлары
«Сикырлы қағаз» вариативтік компонент бағдарламасы 2020ж	Баймуратова А.Қ. Аскарова С.Е.
«В.Воскобович ойындары арқылы балалардың дағдыларын дамыту» әдістемелік құрал. 2021ж	Кабдулова А.М.
«Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін «Лулия шеңбері» арқылы дамыту» әдістемелік құрал. 2021ж	Карымсакова Г.С.
«Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулықтарын нығайтудағы дәстүрден тыс әдіс-тәсілдер мен технологиялар»	Альжанова О.А.

оқу құралы 2021ж	
«Хореография» вариативтік компонент бағдарламасы 2022ж	Жукенова Б.А.
«Көркем әдебиет» әдістемелік нұсқаулық. 2022ж	Аскарова С.Е. Оразғалина Х.Р
«Мектеп жасына дейінгі топтарда логикалық ойындар арқылы танымдық қабілеттерін дамыту» әдістемелік құрал. 2023ж	Махажанова Н.И.

Балабақша ұжымы балаларды жан-жақты дамуын негізге алады. Әсіресе Отанын, туған жерге, тілге деген сүйіспеншіліктерін арттырып тәрбиелейді. Аталған әдістемелік жинақтар мен құралдар баланың жан-жақты дамуына бағытталған. Әр педагог өз әзірлемелерінде баланың танымын, сөздің мағынасын түсінуге, денсаулығына басты назар аударуда. Сонымен қатар алға қойған мақсатта ұлттық құндылықтарды меңгерту жоспарлануда.

3.2020-2021 оқу жылдарында педагогтердің халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық сайыстарға қатысуы

№	Конкурс атауы	Қатысушылар саны	Жүлделі орындар
Халықаралық			
1	Халықаралық ғылым, педагогика, тіл және өнер академиясы ұйымдастырған "Шебер педагог - 2020" байқауы	1	1 дәрежелі диплом - 1
2	«Шеберлік кезеңдері» байқауы	2	1 орын - 2
3	«Педагогический успех» және «Педагогический опыт. Идеи. Инновации» конкурстары	1	1 дәрежелі диплом - 1
4	"World of Best" дамыту орталығы ұйымдастырған "Қызықты сабақ" байқауы	1	1 орын - 1
5	"Мың бала" интеллектуалды білім сайты ұйымдастырған "Жыл үздігі - 2020" байқауы	1	1 орын - 1
6	"Лидер. KZ" халықаралық интеллектуалды білім орталығы ұйымдастырған "Ұлағатты ұстаз" байқауы	2	1 орын - 2
	Жалпы	8	1 дәрежелі диплом – 2 1 орын - 6
Республикалық			
1	"Ұстаз тілегі" Республикалық ғылыми -әдістемелік орталығы ұйымдастырған "Үздік ұстаз - 2020" байқауы	1	1 дәрежелі диплом - 1
2	"Ziat" ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Педагогтың шығармашылық бастамасы» сайысы	1	1 орын - 1
3	Дарынды бала - Республикалық балалар мен жасөспірімдер сайты ұйымдастырған "Жаңашыл	1	1 дәрежелі диплом - 1

	мұғалім-2021" байқауы		
4	"Мамандығым - мақтанышым" эссе байқауы	1	2 дәрежелі диплом - 1
5	"Ustaz tilegi" Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған "Менің мамандығым - тәрбиеші" блиц-турнирі	2	2 дәрежелі диплом – 1, 3 дәрежелі диплом - 1
6	"Urker mitec" орталығы ұйымдастырған "Зейін" олимпиадасы	1	1 орын - 1
7	"Иновациалық педагогикалық тәжірибе - 2020" сайысы	1	Сертификат - 1
8	«Әл-Фараби» атындағы педагогикалық олимпиадасы	3	3 орын - 3
9	«Республикалық үздік балабақша-2020» байқауы	1	Сертификат - 1
	Жалпы	12	1 дәрежелі диплом – 2 2 дәрежелі диплом – 2, 3 дәрежелі диплом – 1 1 орын - 2 3 орын - 3 Сертификат - 2
Облыстық			
1	Павлодар облысының білім беру басқармасы ұйымдастырған "VIII Ахметова оқулары. Заманауи білім беру үдерісі: тәжірибелер, мәселелер, перспективалар" атты конференциясына	2	3 дәрежелі диплом – 1, сертификат - 1
2	World skills Pavlodar-2020» чемпионатында	1	Сертификат - 1
3	«Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің» ПЦК бөлімінен студенттерге өз білім жетістіктерімен бөлісіп шеберлік сынып сағатын өткізгені үшін	1	пікір - 1
	Жалпы	4	3 дәрежелі диплом – 1 Сертификат – 2 Пікір - 1

2021-2022 оқу жылдарында педагогтердің халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық сайыстарға қатысуы

№	Конкурс атауы	Қатысушылар саны	Жүлделі орындар
Халықаралық			
1	Халықаралық шығармашылық және білім академиясы ұйымдастырған «Менің педагогикалық ұраным» байқауы	2	1 орын -1, сертификат - 1
2	"Мың бала" интеллектуалды білім сайты ұйымдастырған «Мәртебелі	1	1 дәрежелі диплом - 1

	маман -2022»		
	Жалпы	3	1 дәрежелі диплом – 1 2 дәрежелі диплом – 1, Сертификат -1
		Республикалық	
1	Интеллект» орталығы ұйымдастырған «Мой детский сад» байқауы	1	3 орын - 1
2	«Ziат» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Үздік педагог портфолиосы» сайысы	1	1 орын - 1
3	«Абырой» интеллектуалды білім порталы ұйымдастырған байқау	1	1 орын - 1
4	Интеллектуал шығармашылық білім беру орталығы ұйымдастырған «Педагогикалық тәжірибе» байқауы	1	1 орын - 1
5	"Ustaz tilegi" Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған "Үздік тәрбиеші" олимпиадасы	1	1 дәрежелі диплом - 1
6	«Мектеп ұстаздарының әлемі» журналы ұйымдастырған «Үздік балабақша тәрбиешісі» байқауы	1	1 орын - 1
7	«Bілім Galamshary» педагогикалық басылымы ұйымдастырған «Тәрбие мекемесінің үздігі» байқауы	4	1 орын - 4
8	«Кішкентай данышпандар» республикалық журналы ұйымдастырған «Үздік тәрбиеші» байқауы	4	1 орын - 4
9	«Қыркүйек» ғылыми – әдістемелік педагогикалық журналы ұйымдастырған «Жаңашыл жобалар» байқауы	4	1 орын - 4
10	«BілімART» білімділер сайты ұйымдастырған шығармашылық байқау	1	Диплом - 1
11	«Ы.Алтынсаринның 180 жылдығына арналған «Ұлы даланың дара ұстазы» олимпиадасы	1	1 дәрежелі диплом - 1
12	«Жаңа шыңдық жағдайындағы мектепке дейінгі білім беру» ғылыми – практикалық конференция	1	Сертификат -1
	Жалпы	21	1 дәрежелі диплом – 2 1 орын - 16 3 орын - 1 Сертификат – 1 Диплом - 1
		Облыстық	
1	«IX Ахметов оқулары. Заманауи	1	Сертификат,

	білім беру үдерісі: тәжірибелер, мәселелер, перспективалар» ғылыми – практикалық конференция		Номинация -1
2	«Сөйлеу бұзылыстарын түзетудегі инновациялық технологиялар» семинар	2	Сертификат - 2
3	«World skills Pavlodar-2022» байқауында сарапшы	1	Сертификат – 1
	Жалпы	4	Сертификат, номинация-1 Сертификат – 3
		Қалалық	
1	№8 сәбилер бақшасы ұйымдастырған «Тәуелсіз елдің шебер тәлімгері мен заманауи жас маман»	1	2 орын - 1
2	«Менің инновациялық педагогикалық тәжірибем – 2022» конкурсы	1	Сертификат – 1
3	«Жас басшы мектебі» семинарында тәжірибе бөліскені үшін	1	Сертификат – 1
	Жалпы	3	2 орын -1 Сертификат – 2

2022-2023 оқу жылдарында педагогтердің халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық сайыстарға қатысуы

№	Конкурс атауы	Қатысушылар саны	Жұлделі орындар
Халықаралық			
1	Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми- ақпараттық, танымдық – тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік педагог» байқауы	1	1 дәрежелі диплом -1
2	Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми- ақпараттық, танымдық – тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткен білім саласының үздік қызметкерлері арасында «Педагогика- менің таңдауым» атты байқауы	1	1 орын - 1
3	Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми- ақпараттық, танымдық – тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткен «Жаңашыл ұстаз» атты байқауы	1	1 орын - 1
	Жалпы	3	1 дәрежелі диплом – 1 1 орын - 2

Республикалық			
1	«Жарқын» республикалық ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен ,білім саласы қызметкерлері арасында өткен «Мәңгілік ел ұстаздары» атты байқауы	1	1 дәрежелі диплом - 1
2	«Жарқын» республикалық ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен ,білім саласы қызметкерлері арасында өткен «Парасатты педагог» атты байқауы	1	1 дәрежелі диплом - 1
3	Республикалық онлайн байқауға «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша, адал еңбегі мен қажырлы қызметі үшін	1	Алғыс хат - 1
4	Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін	5	Диплом, алғыс хат - 5
5	«Үздік педагог – 2022» байқауы	1	1 дәрежелі диплом - 1
	Жалпы	5	1 дәрежелі диплом – 3 Алғыс хат – 1 Диплом, алғыс - 1
Облыстық			
1	«МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» атты XVII облыстық шығармашылық конкурсы	1	Сертификат – 1
2	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарын жүзеге асыратын инновациялық технологиялар» тақырыбындағы облыстық семинарында тәжірбемен бөліскені үшін	1	Сертификат – 1
3	«Vabayskills-2023» облыстық кәсіби шеберлік байқауда «Мектепке дейінгі тәрбие» құзыреттілігі бойынша сарапшы ретінде қатысқаны үшін	2	Сертификат – 2
Қалалық			
1	Қалалық балабақшалар арасында ұйымдастырылған «Бүгінгі ұрпақ,ертеңгі болашақ» атты байқауы	1	Гран-при - 1
2	«Тәуелсіз елдің шебер тәлімгері мен заманауи жас маман» байқауында	1	2 дәрежелі диплом -1
3	«Үздік дене шынықтыру нұсқаушысы - 2023» қалалық сайысында қатысқаны үшін	1	Сертификат – 1
4	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай «Гүлдене бер- Қазақстан» атты қалалық интеллектуалды сайысқа тәрбиеленушілерді дайындағаны үшін	1	Алғыс хат - 1
5	Балабақша тәрбиешілері арасында өткізілген «Көңілді тапқырлар» сайысы	1	3 орын - 1

6	«Көңілді жарыстар» атты спорттық сайыс	1	3 орын - 1
7	Мектеп жасына дейінгі балалар арасында «Көңілді жарыстар» қалалық байқауы	1	3 орын - 1
8	Қазақстан Республикасының «Астана күні» мерекесіне орай Павлодар қаласының мектепке дейінгі мекемелері арасында «Ел жүрегі- Нұр - Сұлтан» атты көрме сайысы	1	3 орын - 1
9	«Жаңа жылдық дефиле» атты мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында шығармашылық байқауына жүлдегер дайындағаны үшін	2	Диплом - 2
10	«Данышпан» орталығы ұйымдастырған «Қыс кереметі» байқауына жүлдегер дайындағаны үшін	1	Диплом - 1
11	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзiреттiлiгiн дамыту» бiлiктiлiк арттыру курстарында өз тәжірибесімен бөлісті	1	Қуәлік - 1
12	«Білім алушылардың метакогнитивтік мүмкіндіктерін дамытуды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» атты семинар -тренинг	1	Сетификат - 1
13	«Дамыту және түзету әдістері мен технологиялар инклюзивті білім беруді іске асыру факторы ретінде» семинарында тәжірибе бөліскені үшін	1	Сетификат - 1
14	«ЕЕБҚ бар балалармен логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері» семинарында тәжірибе бөліскені үшін	1	Сетификат - 1
15	«Жас әдіскер мектебі» жобаның аясындағы «Білім беру мекемесінде шығармашылық топтың жұмысын ұйымдастыру» семинарында тәжірибе бөліскені үшін	1	Сетификат - 1
	Жалпы	16	Гран-при – 1 2 дәрежелі диплом – 1 3 орын - 4 Алғыс хат – 4 Диплом – 3 Сертификат – 5 Қуәлік - 1

Қорытынды: Балабақша педагогтары халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық сайыстарға белсенді қатысуда. Бақша әкімшілігі осы жұмыс бағытын педагогтардың кәсіби өсуіне бағыттайды.

Біздің балабақша базасында қалалық семинарлар өткізілді, педагогтар семинарларға қатысты. Балабақшаны БАҚ көрсету және педагогтардың тікелей эфирлерге қатысулары:

Жылдар	Семинарлар	Қатысушы
2020 - 2021	Қалалық сәбилер бақшасының тәрбиешілеріне арналған «Мектепке дейінгі мекемеде Луллий шеңберін қолдану» семинар.	Аскарова С.Е, Карымсакова Г.С.
2021-2022	Қалалық сәбилер бақшасының басшыларына арналған «Жас басшы мектебі» семинары	Баймуратова А.К
2022-2023	Қалалық сәбилер бақшасының тәрбиешілеріне арналған «Дамыту және түзету әдістері мен технологиялар инклюзивті білім беруді іске асыру факторы ретінде» семинар	Асанаева А.Ж
	Қалалық сәбилер бақшасының әдіскерлеріне арналған «Жас әдіскер мектебі» жобаның аясындағы «Білім беру мекемесінде шығармашылық топтың жұмысын ұйымдастыру» семинары	Аскарова С.Е
	Қалалық сәбилер бақшасының логопедтеріне арналған «ЕЕБҚ бар балалармен логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері» семинар	Төлепберген Ф.Ж.

Жылдар	БАҚ	Қатысушылар
2020-2021	«Ертіс» телеарнасының «Еркетай» бағдарламасында: «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» тақырыбындағы хабарына қатысушы	Баймуратова А.К, Балташева Ш.С., Карымсакова Г.С., Аскарова С.Е.
	«Домбыра – дастан» тақырыбындағы сюжетке қатысушы	Баймуратова А.К, Жумалинова С.М, Какимжанова М. К.
	«Коронавирус дегеніміз не?» тақырыбындағы хабарында сөз сөйлеген	Баймуратова А.К, Махажанова Н. И.
2021-2022	«Ertis » телеарнасының «Ertis aqparat» бағдарламасында: «Тәуелсізді құрдасы» тақырыбындағы хабарына қатысушы	Жумалинова С.М.
	«Тұңғыш президент күні» халық радиосында өз өнерімен бөлісті	Карымсакова Г.С.
2022-2023	«Ертіс» телеарнасының «Еркетай» бағдарламасында: «Жер планетасындағы жақсылық» тақырыбындағы хабарына қатысушы	Аскарова С.Е.

4.№30 сәбилер бақшасы педагогикалық қызметкерлерінің марапаттары

Марапаттар	Жетістік	Педагог
2020-2021 оқу жылы		
Қазақстан Республикасыны Білім және Ғылым министрлігі, Білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлесі, өскелеі ұрпаққа өнегелі тәрби емен сапалы білім берудегі жоғары жетістіктері мен кәсіби шеберлігі	Алғыс хат	Какимжанова М.К

үшін		
2021-2022 оқу жылы		
Павлодар облысының әкімінің Адал еңбегі мен жоғарғы кәсіптілігі және білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін	Алғыс хат	Альжанова О.А.
Павлодар қаласының білім беру бөлімі, Жоғары кәсібилігі мен шығармашылығы және қалалық әдістемелік қызметпен бірлесе атқарған жұмысы үшін	Мадақтама	Аскарова С.Е
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар облысының білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін	Алғыс	Оразғалина Х.Р
2022 – 2023 оқу жылы		
Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі, тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және білім саласына қосқан үлесі үшін	Алғыс	Карымсакова Г.С.
Павлодар қаласының білім беру бөлімі, Жемісті еңбегіңіз, жоғары кәсіптілігіңіз, кәсіби қызметіңізді абыроймен атқарғаныңыз үшін және 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай	Алғыс хат	Жукенова Б.А, Юлдашева А.У, Каирбаева У.Е.

Қорытынды: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласына адал еңбегі мен жоғары кәсіптілігі және білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі, еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар педагогтердің жұмысы талқыланып, марапатталады.

5.2020-2021 оқу жылдар аралығында тәрбиеленушілердің халықаралық, республикалық және облыстық зияткерлік конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері

№	Конкурс атауы	Қатысушылар саны	Жүлделі орындар
Халықаралық			
1	Халықаралық «Dionis» конкурсы	4	I дәрежелі диплом- 4
2	"Mega Festival KZ" конкурсы	5	II дәрежелі диплом- 5
3	"Чудеса осени" конкурсы	2	I дәрежелі диплом- 2
4	Бейнелеу өнері балалар орталығы ұйымдастырған "Күзгі бал" байқауы	2	1 орын - 2
5	«Менің бақытты балалығым» байқауы	4	1 орын - 4
6	"Жылдық күзгі түстер фестивалі" байқауы	1	1 орын - 1
7	«Түстер әлемі» байқауы	1	1 дәрежелі диплом - 1
8	"Лидер. KZ" халықаралық интеллектуалды білім орталығы ұйымдастырған "Әлем менің көзіммен" сурет салу байқауы	2	1 орын - 2
9	"Сова" халықаралық зияткерлік білім орталығы ұйымдастырған "Жас өрен" шығармашылық орталығы ұйымдастырған байқауы	2	I дәрежелі диплом- 2

	Барлығы	23	I дәрежелі диплом- 9 II дәрежелі диплом- 5 I орын - 9
Республикалық			
1	Педагог - Республикалық озат педагог порталы ұйымдастырған "Әлем менің көзіммен" байқауы	1	I орын - 1
